



60023, Түркістан қ. Жана қала ш/а, көш.32,20
БИК: ККМФКЗ2А, БСН 050140004094,
ИИК: KZ63722S000001006150

160023, г.Туркестанмкр. Новыйгород, улица 32,20
БИК: ККМФКЗ2А, БИН 050140004094,
ИИК: KZ63722S000001006150

III санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы

«Балапан» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

**Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қапланбек ауылдық округі, Сіргелі ауылы,
М.Есқұлов көшесі, 5 мекенжайда орналасқан «Балапан» бөбекжай-балабақшасы»
ЖШС-нің жобасына мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы**

Материалдар: «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі «Буровые системы» ЖШС-мен (Түркістан қаласы, Ибраев көшесі, 1 қиылысы, 6 үй) әзірленді.

Жоба материалдарының тапсырысшысы: «Балапан» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС (Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қапланбек ауылдық округі, Сіргелі ауылы, М.Есқұлов көшесі, 5. БСН: 100740015717).

Мемлекеттік экологиялық сараптама қарауына ұсынылған материалдар: III санаттағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге арналған өтінім, жобалық құжаттама, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі.

Материал қарастырылуға 08.08.2025 жылы түсті, кіріс №KZ72RCT00218419.

Жалпы мәліметтер

Ауданның табиғи-климаттық жағдайы IV-A климаттық кіші аудан. Сыртқы ауа температурасының өлшем бірлігі °C: абсолютті максималды +44,2°C; абсолютті минималды -30,3°C; ең суық бес күндік 0,92-14,3; ең суық күндер -16,9°C қамтамасыз етілуімен. Ең жылы айдың орташа максималды ауа температурасы +33,5°C. Жылдық орташа ауа температурасы +12,6°C. Жауын шашын мөлшері қараша-наурыз айлары аралығында – 377 мм, сәуір-қазан айлары аралығында – 210 мм. Желдің басым бағыты желтоқсан-ақпан айларында – шығыс (Ш), маусым-тамыз айларында – солтүстік-шығыс және шығыс (СШ, Ш). Қаңтар айында желдің орташа максималды жылдамдығы – 6,0 м/с, шілдеде орташа минималды – 1,3 м/с. «Қазгидромет» РМК-мен ауданда атмосфералық ауаға ластаушы заттардың фондық шоғырлануына бақылау жүргізілмейді.

Ұсынылған жобалық құжаттамаларда «Балапан» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС-нің жобасы қарастырылуда.

Объект Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 1-қосымшасының 1 және 2-бөлімінде көрсетілген қызмет түрлері мен объектілердің тізбесіне жатпайды. Сонымен қатар, объект белгіленіп отырған қызметтің әсер етуін скринингтеу рәсімін жүргізу міндетті болып табылатын белгіленіп отырған қызмет түрлері мен объектілердің тізбесіне кірмейді.

«Қоршаған ортаға жағымсыз әсер ететін объектінің санатын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі №246 бұйрығының 12-тармағы 7-тармақшасына (объектіде қауіпті емес қалдықтардың жинақталуы жылына 10 тоннадан жоғары) сәйкес, объект III санатқа жатады.



«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны дайындау үшін әзірленген.

Жобалық құжаттама бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар ақпараттық жүйеде (<https://hearings.ndbecology.gov.kz>) өткізілді.

«Балапан» бөбекжай-балабақшасы Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қапланбек ауылдық округі, Сіргелі ауылы, М.Есқұлов көшесі, 5 мекенжайда орналасқан.

Учаскенің шығыс жағынан М.Есқұлов көшесі өткен, қалған жағында тұрғын үйлер орналасқан. Ең жақын тұрғын үй учаскенің шығыс жағында 45 м қашықтықта орналасқан. Жер учаскесінің жалпы ауданы 0,1941 га құрайды (кадастрлық нөмірі: №19-296-068-046).

«Балапан» бөбекжай-балабақшасының негізгі қызметі мектепке дейінгі оқыту және тәрбие беру болып табылады.

Бөбекжай-балабақшасында тәрбиеленетін бала саны – 145, қызметкерлер саны – 30 адам. Жұмыс режимі тәулігіне 9 сағат, жылына 246 күн.

Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының көздері:

- №0001-0002 – бөбекжай-балабақшаның ғимаратын жылыту табиғи газда жұмыс істейтін «Лидер 50» маркалы 2 дана қазандық арқылы жүзеге асырылады. Жылыту кезеңінде табиғи газдың жылдық шығыны 40 мың м³ құрайды. Қазандықтың жұмыс уақыты жылына 150 күн, тәулігіне 24 сағат (жылына 3600 сағат). Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындылары биіктігі 5,0 м, диаметрі 0,25 м екі құбыр арқылы шығарылады;

- №0003 – тағам әзірлеу үшін асханада газ плита орнатылған. Табиғи газдың жылдық шығыны 0,5 мың м³ құрайды. Газ плита жылына 246 күн, тәулігіне 9 сағат жұмыс істейді. Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындылары биіктігі 3,0 м, диаметрі 0,3 м құбыр арқылы шығарылады;

Бөбекжай-балабақшада барлығы 3 ұйымдастырылған ластану көздері қарастырылған.

Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындылары **0,3550987 т/жыл (0,02718966 г/с)** құрайды.

Бөбекжай-балабақшаны сумен жабдықтау орталық су құбырының желілері арқылы жүзеге асырылады. Сарқынды сулар сыйымдылығы 64 м³ бетондалған шұңқырға жіберіледі.

Пайда болған қалдықтар жер аумағында арнайы орындарда уақытша жиналады, содан кейін шарт бойынша шығарылады. Түзілетін қалдықтардың жалпы көлемі **62,39 т/жыл** құрайды.

Ластаушы заттар мен қалдықтар шығарындылары мөлшерінің жылдар бойынша декларацияланатын лимиттері:

1-кесте. Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының декларацияланатын мөлшері (г/сек, т/жыл).

Декларацияланатын жыл – 2025			
Ластану көзінің нөмірі	Ластаушы заттардың атауы	г/сек	т/жыл
0001	Азот (IV) диоксиді (азот ди-оксиді) (4)	0,002456	0,0323
	Азот (II) оксиді (азот оксиді) (6)	0,000399	0,00525
	Көміртек оксиді (көміртегі тотығы, көміртегі тотығы) (584)	0,01058	0,1392
0002	Азот (IV) диоксиді (азот ди-оксиді) (4)	0,002456	0,0323
	Азот (II) оксиді (азот оксиді) (6)	0,000399	0,00525
	Көміртек оксиді (көміртегі тотығы, көміртегі тотығы) (584)	0,01058	0,1392
0003	Азот (IV) диоксиді (азот ди-оксиді) (4)	0,0000834	0,000417
	Азот (II) оксиді (азот оксиді) (6)	0,00001356	0,000677
	Көміртек оксиді (көміртегі тотығы, көміртегі тотығы) (584)	0,0002227	0,001114
Барлығы:		0,02718966	0,3550987



2-кесте. Қауіпті қалдықтардың декларацияланатын саны. Қауіпті қалдықтар түзілмейді.

3-кесте. Қауіпсіз қалдықтардың декларацияланатын саны.

Декларацияланатын жыл - 2025		
Қалдықтың атауы	Пайда болу саны, т/жыл	Жинақтау саны, т/жыл
Аралас коммуналдық қалдықтар (20 03 01)	19,25	19,25
Ас үй мен асхананың биологиялық ыдырайтын қалдықтары (20 01 08)	38,14	-
Көше тазалау қалдықтары (20 03 03)	5,0	5,0
Барлығы:	62,39	24,25

Қорытынды

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қапланбек ауылдық округі, Сіргелі ауылы, М.Есқұлов көшесі, 5 мекенжайда орналасқан «Балапан» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС-нің жобасыкелісіледі.

Басқарма басшысының
міндетін атқарушы: Б.Шәріпбеков

✍: Ә.Лес

☎: 8725(33)-5-98-49



Басқарма басшысының міндетін атқарушы

Шәріпбеков Болысбек Әбдібекұлы

